



QARAJANBAS

№12 • ЖЕЛТОҚСАН • 2023



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



Жаңа жыл құтты болсын!

Құрметті әріптестер!

Сіздерді есімізді қағып, төрімізге енгелі тұрған жаңа 2024 жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Өткен жылға өкпе жоқ. Расында 2023 «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін жақсы естеліктерімен есте қалған жыл болды.

Ең бастысы өндіріс үздіксіздігін сақтай отырып, кездескен қиындықтарды бірге еңсердік, жаңа белестерді бағындыруға тырыстық. Жұмысшыларымыздың қажырлы еңбегі арқасында ел ырысын еселеуге елеулі үлес қосып келеміз.

2023 жылы қаражанбастықтар өндірістік, шығармашылық бағыттары мен спортта жарқын жеңістерімен көзге түсті. Компанияда жүзеге асып жатқан тың жобалар сәтті жалғасып келеді. Бұл тұста геология, қаржы-экономика, маркетинг, кадр, әлеуметтік саясат, экологиялық стандарттарды сақтау, еңбекті және денсаулықты қорғау, қауіпсіздік техникасы және т.б. бағыттан бойынша атқарылған істерді де атап өткен жөн.

Биыл ҚБМ мақтаныштары - білікті мұнайшыларымыз «Үздік маман» байқауында жүзден жүйрік шығып, спортты серік еткен жұмысшылар әлемдік аренада компания намысымен қатар, ел абыройын асқақтатты. Онер додаларында топ жарған әріптестеріміз мұнайшылардың рухани байлығын паш етті.

Келер жылда да жемісті істеріміз бен жеңісті сәттеріміздің көп болатынына сенім мол. Басты мақсат - мұнайлы өлке өндірісін өркендетіп, ел экономикасын дамыту жолында аянбай еңбек ету. Ортақ жоспарларымыз оңынан оралу үшін бір жазадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жүздірық боп жұмылайық!

Деніңізге саулық, қызметіңізге табыс тілейміз! Жаңа жыл әр шаңыраққа шаттық пен бақ-береке ала келсін!

*Құрметпен,
«Қаражанбасмұнай» АҚ Басқармасы*

БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

2 бет ҚАРАЖАНБАСТА «ТАСАДА ӨСКЕН ГҮЛ» ҚОЙЫЛЫМЫ САХНАЛАНДЫ

3 бет ЭНЕРГЕТИКТЕР – ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК ИЕЛЕРІ

4 бет РУХАНИ КЕМЕЛДІК – ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ КЕПІЛІ

5 бет ЗЕРЕ НҮСІП ЗЕЙНЕТ ЖАСТА

6 бет БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАР – ҚБМ БОЛАШАҒЫ

7 бет ЗЕЙНЕТ – ЕҢБЕК ЖЕМІСІ
ЖҮРГІЗУШІ БОЛУ –
ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН
БАСТАЛАДЫ

8 бет I ВАХТАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

9 бет АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕКТІҢ БЕРЕКЕЛІ ЗЕЙНЕТІ
ҚАРАЖАНБАС ЖҰМЫСШЫСЫ
КАРАТЭДЕН ЧЕМПИОН
АТАНДЫ

10 бет II ВАХТАНЫҢ СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРЫ

11 бет СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ

12 бет ТӨРЛЕТ, ЖАҢА ЖЫЛ!



ҚАРАЖАНБАСТА «ТАСАДА ӨСКЕН ГҮЛ» ҚОЙЫЛЫМЫ САХНАЛАНДЫ

Идея да, автор да, өнерпаз да өзімізден...

«Қаражанбасмұнай» АҚ әлеуметтік саясат және мердігерлермен өзара іс-әрекет департаменті қызметкерлері өндірістегі мұнайшыларға шығармашылық қабілетін паш етіп, рухани демалыс сыйлады. Еліміздің Тәуелсіздік күні қарсаңында кен орнының мәдени-демалыс орталығында ақын, ұстаз Нүргүл Нөкенова мен әлеуметтік сұрақтар бойынша аға маман Айгүл Сонабаеваның «Тасада өскен гүл» спектаклі сахналанды.

Пьесада желтоқсан оқиғасының қатысушылары мен куәгері болған

студенттік достардың 90-жылдар басындағы кездесуі көрсетіледі. Адал достықты ту еткен жастар Отанға деген сүйіспеншілік, материалдық және рухани құндылық, сертке беріктік тақырыптарын тереңнен қозғап, жауапсыз қалған құпия сезімдерінің құлпын ашады. Бір сағаттан астам уақытқа созылған қойылымда сағыныш, қуаныш, қимастық пен ауыр мұң тоғысқан.

«Қаражанбас тек білікті мамандар емес нағыз таланттар ордасы екеніне тағы бір көз жеткіздік. Әріптестеріміз кәсіби актерлерден кем түспейтіндей өнер көрсетті. Қойылымдағы айтылған

әндер, оқылған өлеңдер мен патриоттық сезімге толы рухты сөздер бізге ерекше әсер қалдырды», - деді мұнайшылар.

Жүрек тебіренер көріністен соң залдағы тұтас көрермен тапжылмастан ұзақ қол соқты. Өндірістік басқарма басшылығы еңбек ұжымын алда келе жатқан мерекемен құттықтап, пьесаның қойылуы жолында тынымсыз тер төккен қызметкерлерге зор алғыс білдірді. Осылайша қаражанбастықтар спектакльден ерекше әсермен тарқасты. Ал аталмыш қойылымды орталық кеңсе қызметкерлері мен келесі вахта жұмысшыларына сахналау жоспарланып отыр.



ЭНЕРГЕТИКТЕР – ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК ИЕЛЕРІ



Энергетика – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен еңбек өнімділігін арттырудың қозғаушы күші. «Қаражанбасмұнай» АҚ электр цехының жұмысшылары уақытпен санаспай кен орнына үздіксіз электр энергиясын тарата отырып, жүктелген жауапты міндетті абыроймен атқарып келеді. Желтоқсанның үшінші жексенбісінде атап өтілетін энергетиктердің кәсіби мерекесі қарсаңында маңызды мамандық иелерінің қиын да қызықты қызметіне тоқталып өтпекпіз.

Ержан Айсәев аталмыш цехта 15 жылдан бері жұмыс істейді. Еңбек жолын электромонтер болып бастаған ол уақыт өте келе қызметінің қырсырын жетік меңгерген. Жұмыстағы оң нәтижелері мен жинаған мол тәжірибесі арқасында қазір шебер лауазымына

ауысып, жемісті еңбек етіп келеді. «Біздің жұмыс ерекше жауапкершілік, қатаң тәртіп пен жедел дайындықты талап етеді. Бригаданың маңызды міндеттерінің бірі – ұңғыманың желіден ажырау себептерін анықтау және қалыпқа келтіру. Күнделікті өндіру көлемі әр ұңғыманың жұмысына байланысты болғандықтан біз тапсырманы тез және сапалы орындауға барымызды саламыз», - дейді Е.Айсәев.

Электр цехында қос вахтада 200-ден астам маман жұмыс істейді. Электромонтерлар, шеберлер, инженерлер, жабдықтар мен желілерді жөндейтіндер күн сайын өндіріс алаңында электр желілерін жүргізіп, қосалқы инфрақұрылымның болуы мен жұмысын қамтамасыз етеді. Олардың қатарында Руслан Қараджаев та бар. 5-дәрежелі электромонтер биыл

жиі орын алған апаттық ажыратулар мен энергияны шектеу кезінде әріптестерімен бірге өндірістің қалыпқа келуі үшін барын салған жұмысшының бірі.

«Апаттық ажыратулар кезінде жағдайдан жол табуға кәсіби біліктілікпен қатар, ауызбіршілік көмектесті деп айта аламын. Нысандарды қосу кезінде цех жұмысшылары жұдырықтай жұмылды. Осы арқылы биік белестерді бірлесе жүріп бағындыратынымызға тағы бір көз жеткіздік», - деді Р.Қараджаев.

Қаражанбас энергетиктері - өндірістік цехтар арасындағы дәнекерге айналған сыйлы мамандар. Кен орнын дамыту жолындағы олардың ақ адал еңбегі қашан да зор құрметке лайық. Ал біліктілік пен кәсіби көзқарасы – саланың сарқылмас күші екені хақ.

РУХАНИ КЕМЕЛДІК - ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУ КЕПІЛІ



Бекжан Асаубайұлы Тұрыс

Жүргізуші:
Марат Бақбергенұлы Себасов



Қаражанбаста мұнайшылардың рухани байлығын молайтып, тұлғалық дамуын нығайту мақсатында «Рухани кемелдік» тақырыбындағы кездесу кеші өтті. Өлкенің қара алтын игерушілерімен сұхбаттасу үшін М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театр актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері Бекжан Тұрыс арнайы келді.

II вахта жұмысшылары қатысқан жиында театр майталманы қазіргі қоғамдағы көкейтесті мәселелерге тоқталып, адами құндылық, ұлттық тәрбие, қадір-қасиет тақырыптарын тілге тиек етті. Бұдан бөлек актер шығармашылық пен бекзат өнер - театр тынысы хақында да әңгімеледі. Мұнайшылар кездесуден рухани әсер алып, кәделі кеңестерді көкейге түйді.

«Бекжан ағамыздың сөздері адамды ерекше қанаттандырып, тамаша шабыт сыйлады. Кеш өте жақсы деңгейде өтті. Рухани байып, ағамыздың жағымды әңгімелеріне қанық болдық. Осындай отырыстар алдағы уақытта көбейе берсін», - деді қаражанбастықтар.

Бекжан Тұрыс театр сахнасында елуге тарта рөл ойнаған. Ол ұлттық, әлемдік классика мен заманауи драматургияда сомдаған дара, ешқашан қайталанбас образдарымен халықтың ықыласы мен алғысына бөленген актер. Театрдан бөлек кино және телевизия саласында да тер төгіп, елеулі еңбек етті.

Айта кетейік, дәл осындай кездесу I вахта мұнайшыларына да жоспарланған. Руханияттың шыңына шақырар жарқын кеш мұнайшылардың тұлғалық тұрғыдан шыңдалуына сеп болары хақ.



ЗЕРЕ НҮСІП ЗЕЙНЕТ ЖАСТА

«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) ұжымы әкімшілік қамтамасыз ету департаменті кеңсе тобының жетекшісі Зере Нүсіпті құрметті демалысқа шығарып салды. Бас директор Нұрсейіт Союнов өмірінің көп жылын ізденіске, дамуға, тынымсыз еңбекке арнаған маманға ҚБМ-ды өркендетуге қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

Зере Нүсіп қасиетті түбегтегі білім және мемлекеттік қызмет саласының дамуына сүбелі үлес қосқан білікті қызметкер. Ол соңғы он жылдан астам уақыт көлемінде ҚБМ-ның әлеуметтік, әкімшілік-шаруашылық жұмыстарының жүйелі жүруіне өзіндік қолтаңба қалдырды. Ұжымдастары кәсібилік, тиянақтылық қасиеттерімен талай жұмысшыға үлгі болған тәлімгерді тек білікті маман емес, өмірлік кәделі кеңестерін беруден жалықпайтын мейірімді, жайдары, қайырымды адам ретінде сыйлайтынын айтады.

«Еліне еңбек сіңіру - әр адамның азаматтық борышы. Мен де Қаражанбастың бір бөлшегі болып, адал қызметімді арнағанымға қуаныштымын. Көңілде қимастық болса да, бізден кейінгі жас толқын мекемеміздің мерейін үстем етеріне сенімдімін. Басшылық пен әріптестерге көрсеткен құрметі үшін зор алғысымды білдіремін!»,- деді З.Нүсіп.

Осылайша Зере Қалиқызы да үзеңгілестерінің қатарын толықтырды. Талай жыл еткен еңбектің жемісін көретін зейнеткерлік - бағалай білген адам үшін өте құнды кезең. Компания ұжымы құрметті демалыстағы қызметкерлерді әрдайым назардан тыс қалдырмай, қамқорлық танытуға тырысады.



БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАР - ҚБМ БОЛАШАҒЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ «Жас маман кеңесі» мүшелері «Қазақша Quiz» зияткерлік ойынына қатысты. Білімділер бәсекесінде өңірдің өзге де мұнай компанияларының жас жұмысшылары ой жарыстырды. Өндірісте еңбек ететін мұнайшылар түрлі салаға қатысты білімдерін пысықтап, бәсекеге қабілеттілігін сынға салды.

7 кезеңнен тұратын куиз тапсырмаларын орындауға 10 команда өтініш білдірген. Олар алдымен миға шабуыл жасап, әр кезең сайын тест және сурет түріндегі күрделі, логикалық сұрақтарға жауап берді. Командалар өзара бәсекеге түсіп қана қоймай, компаниялар арасындағы жас мамандар қарым-қатынасын нығайтып, бір-бірімен пікір алмасты.

«Мұндай форматтағы сайыстардың бізге берері мол. Білімімізді тексере отырып, көптеген жаңа ақпараттар алдық, достар таптық. Өңірдегі мұнайшы жастардың бірлігін нығайтатын шаралар жалғасын таба берсін» - деді қаражанбастық жастар.

Сайыс соңында ұйымдастырушылар өндірісте жүрген жас мұнайшылардың белсенділігін ерекше атап өтіп, тартысты ойын үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ өңірдегі жастар саясатын дамытуға үлес қосып жүрген бұрғылау бөлімінің инженері Марсбек Иманов пен №2 мұнай өндіру цехының операторы Таңат Ералиевке облыс әкімі орынбасарының алғыс хаты табысталды.



ЗЕЙНЕТ – ЕҢБЕК ЖЕМІСІ



«Қаражанбасмұнай» АҚ технологиялық көлік департаменті ұжымы арнайы техника жүргізушісі Мырзағұл Дұрысбаевты құрметті демалысқа шығарып салды. Әріптестері мен кәсіподақ ұйымы оған компанияның көлік саласына сіңірген зор үлесі үшін алғыс айтып, құрмет көрсетті.

Мырзағұл Дұрысбаев Қаражанбасқа өмірінің 20 жылға жуық уақытын арнаған білікті маман. Кен орнында автоцистернамен құстай самғап, өндірісті өркендетуге атсалысқан жүргізуші жастардан ағалық ақылын аямай, оң бағыт көрсеткен тағылымды тәлімгер.

«Қаражанбас - адал еңбек алаңы, нағыз білікті мамандар ордасы. Өлкеміздегі маңдай алды кен орнының дамуына үлес қосып, компания тарихында менің де есімімнің қалғанына бек қуаныштымын», - дейді ол.

Талай жылғы қызметтің шарапатын көретін зейнет демалысына абыроймен жету - еңбек адамы үшін зор мақтаныш. Маңызды кезеңде қолдау көрсетіп, құрметке бөлеген әріптестерге Мырзағұл да риясыз рақмет айтып, ақ батасын берді.

ЖҮРГІЗУШІ БОЛУ – ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Қаражанбас кен орны талай жұмысшыны кәсіби жетілдіріп, майталман маманға айналдырған қазыналы мекен. Мұнда нағыз ержүрек, талапты да жауапты мұнайшылар ел игілігі үшін тынымсыз тер төгіп келеді. Олардың өнегелі еңбек жолы қара алтын игеруші әр қызметкерге үлгі.

Технологиялық көлік департаментінің жүргізушісі Амандық Тоқаев өндірісте жұмыс істеген жиырма жылға жуық уақыт ішінде арнайы техникаларды бес саусағындай меңгерген жұмысшы. Ең алдымен автоцистерна жүргізушісі болған ол, кейін жартылай тіркеме тізгінін қолға алған. Осылайша Амандық ауыр жүктерді тасымалдау мен бұрғылау қондырғысын көшіру сияқты ауқымды жұмыстарға айтарлықтай үлес қосып келеді.

Уақыт – жүйрік аттай. Үздіксіз жүретін қарбалас қызмет кейіпкерімізді өмірдің жаңа белесіне шығарды. Амандық Тоқаевқа әріптестері ұзақ жылғы адал еңбегі үшін алғыс білдірді. Соңғы вахтасын қимастықпен өткізген әріптес Қаражанбастың қара алтынын игеруге атсалысқан жылдарын өмірінің ең бақытты кезеңіне балайтынын айтады. Құрметке бөленген ақсақал ұжымдастарына рақмет айтып, ақ бата берді.



I ВАХТАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



ҚР Тәуелсіздік күніне орай Қаражанбастың I вахта жұмысшылары арасында өтіп жатқан спорттық жарыстар мәреге жетті. Жеке қатысушылар арасындағы сайыс командалық ойындармен жалғасып, әр цехтың үмітін арқалаған мұнайшылар волейбол, шағын футбол, баскетболдан сынға түсті. Волейбол жарысында 8 құрама бақ сынады. Турнир кесесіне сәйкес ойынды «МДАЦ» және «МСС» командалары бастады. Бұдан соң өзге цех жұмысшылары тартысты ойын өрнегін көрсетіп, чемпион атануға барын салды. Тұрақты дайындық пен жанкүйерлер қолдауы арқасында әр кездесу жарқын

сәттермен есте қалды. Нәтижесінде «БЖҰЖКЖД» командасы III орынға тұрақтап, «МСС» жігіттері II сатыдан көрінді. «Бірлік» құрамасы шашасына шаң жұқтырмай, I орынға лайық деп танылды.

Спорт додасы аяқдоп бәсекесіне ұласты. Шағын-футбол турниріне өндірістік цехтардан 10 команда қатысты. Ұтымды пастар мен ерекше әдістер нәтижесінде қақпаға сәтті голдар соғылды. Дегенмен төрешінің соңғы ысқырығына дейін ойын қарқыны әр түрлі жалғасты. Қорытындыға сәйкес, «БӨЦ» командасы үздік үштіктен көрінді. «МӨЦ-3» құрамасы II орынды қанағат

тұтты. Бағы мен бабы қатар шапқан «МТЖБ» жігіттері турнир жеңімпазы атанды.

Баскетбол сайысында командалардың тез қозғалып, жылдам шешім қабылдау қасиеті сыналды. Ойыншылар бір-бірін сөзсіз ұғып, ортақ мақсатқа жету жолында күш біріктірді. Тартысты бәсекеде «ҚҚ» командасы III, БЖҰЖКЖД жұмысшылары II, «ҚЖЦ» құрамасы I орын иеленді.

Жүзден жүйрік шыққан жүлдегерлер мен жеңімпаздарға кубоктар мен мақтау қағаздары табыс етілді. Дәл осындай спорт жарысы II вахта жұмысшыларына да өткізіледі.



АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕКТИҢ БЕРЕКЕЛІ ЗЕЙНЕТІ

Бозашы қойнауындағы қара алтынды игеруге атсалысып, ел игілігі үшін тынымсыз тер төккен еңбек адамдары - Қаражанбас мақтанштары. Компанияның көп жылғы тарихы өндірістің өркендеуі жолында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп жүрген мұнайшылар қызметімен қатар жазылып келеді. Солардың қатарында технологиялық көлік департаментінің жылжымалы компрессор машинисі Сәрсенбай Шабаев та бар.

Алпыстың асқарын бағындырған кейіпкеріміз арайлы Ақкетіктің тумасы. Ол Қаражанбастағы машинистік мансабын осыдан 35 жылға жуық уақыт бұрын бастаған. Мамандыққа деген махаббат пен қызметке деген құлшыныс оны өндірістің өріне жетеледі. Ісіне адал, жауапкершілік пен еңбекқорлықты серік еткен жұмысшы күні бүгінге дейін табан аудармай, өзіне жүктелген міндетті кәсіби орындап келеді.

«Жұмысшы үшін ең басты нәрсе - өз ісін жақсы көру. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін мамандықтың иесі болғаным еш өкінбеймін. Өйткені, жұмысым сүйікті ісіме, ал әріптестерім ең жақын достарыма айналды», - дейді С.Шабаев.



Қызметте білікті машинист отбасында асыл жар, асқар тау әке, ақылшы ата. Еңбек адамы ұзақ жылғы қызмет белесін бағындырып, құрметті демалысқа шығатын шаққа жетті.

Құрмет пен жылы лебізге бөленген Сәрсенбай Шабаев әріптестеріне алғысын білдіріп, жауапты қызметін жас буынға сеніммен тапсырды.

ҚАРАЖАНБАС ЖҰМЫСШЫСЫ КАРАТЭДЕН ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Қаражанбас жұмысшылары өндірістегі жетістігімен қатар спортта да жеңіс тұғырында. №3 мұнай өндіру цехының операторы Олжас Нарымбеков Кикушинкай каратэден 1 орын иеленіп, Қазақстан кубогін жеңіп алды. Алатау бөктеріндегі бәсекеге 35-39 жас аралығындағы ардагерлер 75 келіге дейінгі салмақта сынға түсті.

16 облыстың үмітін арқалағандар арасындағы жарыс өте тартысты өтті. Ұшқыр ойын каратэнің түрлі

техникасымен ұтымды байланыстыра білген Олжас қарсыластарынан айқын басымдық көрсетті. Осылайша спортты серік еткен мұнайшы жарыс қорытындысына сәйкес жеңіс тұғырынан көрінді.

«Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қарсыластар мықты дайындалған. Додаға тек жеңу мақсатында келгендіктен, қарсыластардың әлсіз тұсын зерттеп, қарсы күш қолдануға тырыстым. Бұл жеңісімді отбасыма,

жерлестеріме арнаймын. Қолдау білдіргендеріңіз үшін алғысым шексіз!», - деді Олжас Нарымбеков.

Енді Олжастың дайындығы бұрынғыдан да күшейе түспек. Себебі республикада жүзден жүйрік атанғандарға келер жылы өтетін Азия турниріне жолдама берілді. ҚБМ ұжымы каратэнің нақ шеберіне айналған әріптесіміз Олжас Нарымбековті жеңісімен құттықтап, алдағы белестерге сәттілік тілейді.



II ВАХТАНЫҢ СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРЫ

Қаражанбаста II вахта жұмысшылары арасында тартысты бәсеке басталды. ҚР Тәуелсіздік күніне орай мұнайшылар 5 спорт түрінен сынға түсіп, өзара мықтыларды анықтауға кірісті.

Жарыстың алғашқы күні білектілер мен жүректілер сынға түсті. Арқан тарту – командалық рух пен қара күш сыналатын ұлттық ойын. Қаражанбастықтар сайыста бастысы күш емес, техника екенін жақсы біледі. Сондықтан үміткер командалардың әрқайсысы тиімді әдістерді пайдалану арқылы жеңіске санаулы секундта қол жеткізуге барын салды. Нәтижесінде №3 мұнай өндіру цехы (МӨЦ) III орын, №1 МӨЦ II орын, технологиялық көлік департаменті (ТКД) командасы жарыс жеңімпазы атанды.

Тартысты дода қазақша күреспен жалғасты. Боз кілемде 80 келіге дейін және 80+ келі салмақтағы мұнайшылар белдесті. Барлығының мақсаты бір – жауырынын жерге тигізбей жеңімпаз атану. 80 келіге дейінгі балуандар арасынан сәттілік серік болған Ықлас Молдабек III орын иеленді. Екінші орынды ТКД-нен Ғабит Исатаев қанжығалады. Ал күзет қызметінің жұмысшысы Еділхан Хасан шашасына шаң жұқтырмай, жеңімпаз атанды.

80+ келі салмақтағы белдесулер қорытындысы бойынша Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің намысын қорғаған Шалқар Жәңгірхан үздік үштікті түйіндеді. Екінші сатыға №1 МӨЦ слесарі Нұрғазы Төрехан тұрақтады. Бұл салмақта №3 МӨЦ жетекші инженері Руслан Мамбеталиев көш бастап, жеңіс тұғырынан көрінді.

Жүзден жүйрік шыққандарға дипломдар мен кубоктар табыс етілді. Сайыс кестесі бойынша жарыстар волейбол, шағын футбол және баскетбол ойындарымен жалғасады.



СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ



Мықты дайындық, тартысты ойын, жарқын нәтиже... Қаражанбаста II вахта жұмысшылары арасындағы спорттық доданың үздіктері анықталды. Мұнайшылар ұлттық ойындармен қатар, волейбол, шағын футбол және баскетбол турнирлерінде бар мүмкіндігін паш етіп, лайықты ойын көрсетті.

Тәуелсіздік күніне орай өткізілген бәсекеге 100-ге тарта жұмысшы қатысты. Командалық сайыстар ең алдымен мұнайшылардың ұжымдық рухыннағайтып, жеңіске жетуге ерекше

жігер берді. Әр цехтың абыройын арқалаған құрамалар арасынан бабы мен бағы қатар шапқандар үздік атанды.

Волейбол турнирінде ардагерлер командасы ерекше ойынымен көзге түсіп, үздік үштіктен көрінді. Пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехы (ПЖИЖЦ) екінші орынды қанағат тұтты. №1 мұнай өндіру цехы (МӨЦ) жұмысшылары шашасына шаң жұқтырмай, жарыс жеңімпазы атанды.

Шағын футболдан қола бу өндіру цехы (БӨЦ) құрамасына, күміс жүлде

№3 МӨЦ жігіттеріне бұйырды. Бірінші орынға ПЖИЖЦ командасы лайық деп танылды.

Баскетбол бәсекесінің нәтижесі бойынша БӨЦ-на үшінші, материалдық техникалық жабдықтау базасына (МТЖБ) екінші орын, ал бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу цехы (БжҰЖКЖЦ) командасына бірінші орын бұйырды.

Қатарласынан оза шапқан жұлдегерлер мен жеңімпаздарға мақтау қағаздары, естелік кубоктары табыс етілді.



ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

05.12.1963 жыл, Қани Есмұрза Айсұлы,

№3 МӨЦ сорап қондырғыларының машинисі

06.12.1963 жыл, Састырбаев Сұлтан,

№1 автотізбек моторисі

09.12.1963 жыл, Тоқбаев Иса Бурабайұлы,

№5 автотізбектің тиегіш көлік жүргізушісі

11.12.1963 жыл, Тілегенов Жаңабай,

№4 автотізбектің автомобиль жүргізушісі

12.12.1963 жыл, Сүйегов Абубекір,

№5 автомобиль жүргізушісі

17.12.1963 жыл, Беликов Юрий Валерианович,

Жөндеу-механикалық цехының мыстаушысы

22.12.1963 жыл, Тоғызаев Аслан Райұлы,

№2 автотізбектің автомобиль жүргізушісі



50 жас

03.12.1973 жыл, Құрамшин Тимур Болатұлы,

Баға маркетингі және талдау бөлімінің басшысы

05.12.1973 жыл, Кенжеғариев Руслан Сәулебайұлы,

Данекерлеу-монтаждау учаскесінің құрастырушысы

06.12.1973 жыл, Артықбаев Ғалымжан Ықыласұлы,

№6 автотізбектің автомобиль жүргізушісі

13.12.1973 жыл, Ходжабеков Нұраддин Сабидуллаұлы,

№1 МӨЦ операторы

15.12.1973 жыл, Нұралиев Артур Қайырғалиұлы,

Ақтау гаражының слесарі

15.12.1973 жыл, Төребеков Марат Есенұлы,

№1 Ұңғыларды күрделі және жерасты жөндеу

цехының бұрғышы көмекшісі

21.12.1973 жыл, Абуов Есмұрза Өтепбергенұлы,

БӨЦ машинисі

24.12.1973 жыл, Қилыбаев Нұрхат Қатарбайұлы,

Мұнай дайындау және айдау цехының машинисі

25.12.1973 жыл, Джандалиев Владислав Нурланович,

БӨЦ машинисі

27.12.1973 жыл, Танашев Бекнұр Отаншыбайұлы,

Пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының токарі



Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,

Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.

Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,

Артылып абыроймен беделіңіз!

ТӨРЛЕТ, ЖАҢА ЖЫЛ!

«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшылардың және олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту шараларына ерекше көңіл бөледі. Биыл да жылдағы дәстүрден жаңылмай облыс орталығы мен шалғайдағы қос аудан орталығында мұнайшы балаларына арналған мерекелік ертеңгіліктер басталды.

1 аптаға жуық уақытта қаражанбастық мұнайшылардың 3 пен 10 жас аралығындағы 6000-ға жуық баласы шырша шамын жағып, көңілді кейіпкерлермен ертелігер әлеміне саяхат жасайды. Мерекеді ән айтып, би билеп, қызық ойындар ойнап,

уақытты көңілді өткізеді.

«Жылсайынбалаларды ертеңгілікке алып келеміз. Барлығы жоғары деңгейде өтіп жатыр. Балалар мәзмейрам, ерекше сезімге бөленіп жатыр. Ұйымдастырып жатқан компаниямызға көп рақмет. Осындай шаралар көбейе берсін», - деді ата-аналар.

Жаңажылдан әр балаға жайып күтеді. Сондықтан оларға балдәурен шақтан ескірмес естелік сыйлау маңызды. Айта кетейік, ҚБМ ертеңгіліктерден бөлек, жұмысшылардың 11 жасқа дейінгі балаларына тәттіге толы қоржын үлестіріледі.



QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,
4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс
департаменті Директорының орынбасары,
Телефон: 8 (7292) 473871
E-mail: M_Sebasov@kbn.kz

Түзелбай А.А. – баспасөз хатшы
Телефон: 8 (7292) 473072
E-mail: A_Tuzelbay@kbn.kz

Исаев А.Р. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473002
E-mail: A_Issayev@kbn.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады
Таралымы 500 дана.

Газет «Adver.kz» ЖШС
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:

130000, Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 3 «Б» ш/а, 55/7 ғимарат
Тел.: 8 (7292) 507 000
Сайт: www.adver.kz